	Құлағымның суын аш!» *Деп секеңдеп балалар,* *Алақанын соғады.* ***3-топ:** Өзенге балықтарқиып жапсыру* ***4-топ:** Өзенге тастар мүсіндеп жапсыру.* ***Тақпақ айту.*** ***Жарыстырып құлашты,*** *Тас атуға тоймайды.* *Қызықтырып су асты,* *Қайта жалақ ойнайды.* ***Балаларды мадақтау.***	*Орман дыбыстары естіледі (құстардың сайрауы, жапырақтың дыбысы, сайдың шуы, жануарлардың дауысы) .* ***Ой дамыту.*** ***Ағаштар туралы әңгіме** (көрнекі үлгілерді пайдалану)* ***Менің патшалығым-орман , онда ағаштар көп .*** ***Ағаш дегеніміз не ?*** *(Ағаш - ең үлкен өсімдік.* ***Оның бөліктерін ата.*** *(Тамыры, діңі, бұтақтары мен жапырақтары)* ***Қалай ойлайсың , ағаш тірі ме?** (Иә.) Неге?* *(Ол өседі, тыныс алады)* ***Дид ойын: «Ретімен жаса»*** *Үстелде **ағаш бөліктерінің** (тамыр, бұтақ, дің, жапырақтар,) аралас графикалық үлгілері бар .* ***Ағаштың құрылысының ретін құрастыру.*** *Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру, көрсету. (біріншіден тамыр шығады, ол жерде орналасады, діңі тамырдан кетеді, діңнен бұтақтар шығады, бұтақтарда жапырақтар өседі, бұтақтар мен жапырақтар **ағаш тәжін құрайды**)* ***Сергіту сәті:*** *Тербеледі ағаштар,* *Алдымен жел еседі.* *Кіп-кішкентай ағаштар,* *Үп-үлкен боп өседі.* ***Ой қозғау.*** *Балалар, орман нелердің үйі?*	***Тәжірибе бұрышы*** *Енді түтікшені алып, бір ұшын стақанға батырып, оны үрлейміз.* *-Бұршақ не болып жатыр?* *Балалар. Бұршақ билеп жатыр.* *Тәрбиеші.* *Ол қалай билейді?* *Балалар. Баяу.* *-Енді қатты үрлейік.* *Біздің бұршақ қалай билейді?* *Балалар. Бұршақ жылдам билеп жатыр.* *Біз ақырын соққан кезде Олай болса, ақырын үрлесең, бұршақ баяу билейді, қатты үрсең, тез билейді.* ***Ал енді ойнайық, мен тауық боламын, ал сендер балапан боласыңдар*** ***Сергіту сәті*** ***«Тауық серуендеуге шықты ... ..» әні** (Балалар музыкаға қимылдар жасайды)* ***Дид ойын: «Сиқырлы қалта»*** ***Шарты:** Ірі және майда дәндерді ажырату.* *Әтеш балаларға рақмет айтады.* *Қорытынды бөлім* *Балалар, біз бүгін қандай жақсылық жасадық, бүгін неге көмектестік?* *Қайырымды істер үнемі жасалуы керек екен.* *Біз кереметпіз, өзімізді қошеметтеп алайық*	*саусақтарыңызды жүргізіңіз. Бұл қағаздың аты есіңізде ме? Барқыт.* *-Ал біз бір уыс бұршақ аламыз. Бұршақты барлық саусақтарыңызбен және алақаныңызбен ұстаңыз. Бұл бір уыс деп аталады. Табақтарыңыздан бір уыс бұршақты алыңыз және оларды барқыт қағаз төсенішіне салыңыз. Мұнда біз тағы бір жаңа сөзді білдік - бір уыс. Алақаныңызды бұршақтың үстіне қойып, домалатыңыз. алға және артқа, айналмалы қозғалыста - шеңбер сызыңыз.* *«Қапшықты тарымен толтыр» жаттығуы* *- Балалар, қасықтарыңды алып мына дорбаларға мұқият тары салыңдар.* ***Тақпақтар*** *Оятпа, әтеш, сен бізді,* *Өзім де сездім, таң атты.* *Сенсіз- ақ білем мезгілді,* *Танимын енді сағатты* ***Мысық*** *Мынау тұрған мысық,* *Екі көзін қысып,* *Ұйықтап отыр маужырап,* *Сүт көжесін ішіп.* ***Түлкі*** ***Түлкі** деген қу ғой,* *Жүрген жері шу ғой.* *Жатып алып жағада,* *Іздегені ду ғой.* ***Сұрақ –жауап*** *Қандай ертегі үйрендік?* *Ертегіде қандай кейіпкерлер*	*жолымен жүреді. Олар туннельге енеді, орындық бойымен жүреді, бұдырлардан секіреді. («Қызыл телпек туралы» фильміндегі әнге).* ***Дид ойын:«Себет»*** *Балалар кәрзеңкеге бәліштер мен бөтелке май жапсырады.* ***Дид ойын:«Әжеге арналған пирогтар» мүсіні*** *Допты дөңгелек домалақпен мүсіндеп, оны тортқа тегістеп, салмасын салып, оны екіге бүктейміз, шеттерін қысамыз.* ***Дидактикалық ойын «Қызыл телпек пен қасқыр»*** *Қызыл телпек қандай жолмен жүрді? Ұзын жол бойымен. Қызыл телпекті ұзын жолға қойыңыз. Қасқыр қай жолмен жүрді? Қысқа жолда. Қасқырды қысқа жолға қойыңыз.* *Қай жолдың жанында көптеген гүлдер өседі? Ұзын жол бойымен. Ал қысқа жолдың жанында қанша гүл өседі? Екі гүл.* *Қай жерде көбірек гүлдер бар? Ұзын жол бойында.* *Қасқыр мен Қызыл телпек жолда демалғысы келді - олар*

		Жануарлар мен құстардың. ***Орманда қандай жануарлар тіршілік етеді?*** *Мына ағаш шұңқырында қандай жануар тұрады? (Тиін) .* ***Індерде қандай жануарлар тіршілік етеді?*** *(түлкі, тышқан.)* ***Орманда қандай құстар мекендейді?*** *(Тоқылдақ, қараторғай, көкек, үкі.)* *Орман – аңдар мен құстардың мекені ғана емес, жердің жасыл көйлегі. Орманның ауасы әрқашан таза, өте әдемі, дәрілік өсімдіктер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер өседі. Орман – біздің байлығымыз!* ***Орман патшалығының*** *барлық тұрғындарына сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсетуіміз керек .* ***Балалар, сендер ормандағы серуенімізді естеріңе түсірулерің үшін біз оның суретін саламыз.*** *Алдымен қолымызды сурет салуға дайындап алайық.* ***Дид ойын: «Суретшілер»*** ***Бүгін біз орманның ағаштарын ерекше түрде саламыз.*** *Бұл суретке біздің қолымыз қатысады, қараңыз! Сол қолымызды қағазға қойып, оны қарапайым қарындашпен дөңгелетіп саламыз, саусақтардың ішін бояймыз Балалар бұл ағашқа бірдеңе*	*1,2,3 балабақшаға ұш* ***Балаларды мадақтау.***	*бар?* *Балаларды мадақтау.*	*діңгекке отырды.Үлкен діңгекке не отырды? Қасқыр. Ал кішкентай діңгекке кім отырды? Қызыл телпек.* *Қарындашпен сурет салу* ***Дид ойын:«Әженің үйіне жол»*** *Қасқыр, Қызыл телпек жүріп бара жатқан жолдың бойымен қарындашпен сызу.* ***Сергіту жаттығуы*** *Біздің алдымызда кең шалғын* *(қолды екі жаққа созу)* *Ал біздің үстімізде биік орман (қолыңды көтер)* *Қарағай сол жақта (қолдар солға)* *Оң жақта шырша (қолдар солға)* *Шулы орман (қолдарын бастың үстінде бұлғау)* *Кенет қатты күн күркіреді* *(алдыңда қол шапалақтау)* *Үйге тез жүгір (қолдармен бастарына «төбе» жасап, отыру)* ***Түйме ойыны «Әже көйлегі»*** *- Түймелерді қолайлы түс пен өлшемдегі шеңберлерге орналастырыңыз.* ***Қолданба және саусақ суреті «Немереге арналған тәттілер»***

		жетіспейді. Ол не деп ойлайсыңдар?(Жапырақтары.) ***Ендеше ағаштарымызға күзгі жапырақ саламыз ба ?*** *Қиылған жапырақтарды ағашқа жапсыру.* *Қандай әдемі! Қандай тамаша* ***Мен сендердің бұл суреттеріңді орман тұрғындарына беремін,*** *Барлығыңызға балабақшаға қайтатын кез келді! Қош бол, Орман патшалығы деп тақпақ айтып берейік* ***От та, суда, ауа да*** ***Жан-жануар барлығы*** ***Орман теңіз тауларда*** ***Табиғаттың байлығы*** *Поездға отырып бақшамызға барамыз.* ***Қортынды*** ***Балаларды мадақтау.***			*Балалар суреттің фонына тәттілердің силуэт бейнелерін жабыстырады, содан кейін торттағы ақ нүктелерді саусақтарымен бояйды, олар жидектер.* ***Сұрақ-жауап*** ***Балаларды мадақтау.***
Серуенге дайындық	***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен	***Серуен № 3*** *Қараторғайды бақылау*	***Серуен № 4*** *Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау*	***Серуен № 5*** *Ауа райын бақылау*	***Серуен № 7*** *Құстарды бақылау.*	***Серуен № 9*** *Күннің көзін бақылау.*
	Көктем мезгіліне арналған серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	*Тазалық процедурасы.* *Қолдарын сабынмен* *жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу* *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.* *Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскіас	*Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау*				
Күндізгіұйқы	***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.***				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**№2.** *Кереуетте жатып, аяқ – қолдарын жоғары көтеру кезекпен.* *Кереуетте жатып велосипед тебу.* *Қолды алға созып, қайшылап қозғалту.*	**№3.** *«Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз».* *«Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз.* *«Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз,* *«Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.* *«Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.* *«Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.* *«Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.*	**№4.** *Бір – көтер кәне қолыңды* *Екі – төмен ұста қолыңды* *Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды* *Бес дегенде секір көрсет бойыңды.* *Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.*	**№5** *"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».* *«Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.* *"Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау*	**№6.** *- арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.* *- арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.* *- арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау*
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесінас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***Ас, тағам, азық-түлік жұмбақтары*** *Өзі ашы, Бірақ,* *Дәмді етер асты.* *(Тұз)* *Ашы да болса құмарсың,* *Асыңа қосып тұрарсың.* *(Бұрыш)* *Ұрмай-соқпай жылатады,* *Әркім бірақ ұнатады.* *(Пияз)* *Алыстан қарасам аппақ,* *Татып қарасам тәтті-ақ.* *(Қант)* *Ақ отаудың есігі де жоқ,* *Тесігі де жоқ.* *(Жұмыртқа)* ***Ыдыс-аяқтар жұмбақтар*** *Ыстықты суытпайды,* *Суықты жылытпайды.* *(Термос)* *Аузы төбесінде,* *Тұтқасы денесінде.* *(Құман)*	***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** *Шарты: Берілген жұмбақтарды өз ойымен шеше білу.Жұмбақ шешуіне қатысты сөйлем құрау.* ***Ас, тағам, азық-түлік жұмбақтары*** *Өзі ашы, Бірақ,* *Дәмді етер асты.* ***(Тұз)*** *Ұрмай-соқпай жылатады,* *Әркім бірақ ұнатады.* ***(Пияз)*** *Алыстан қарасам аппақ,* *Татып қарасам тәтті-ақ.* ***(Қант)*** ***Табиғат туралы жұмбақтар*** *Таңмен көзін ашады,* *Әлемге нұрын шашады.* ***(Күн)*** *Үй үстінде алтын тас,* *Алайын десем табылмас.* ***(Жұлдыз)*** *Жылт-жылт етеді,* *Жылғадан өтеді* ***(Су)*** ***Ой қозғау.***	***Дид ойын: «Кім жылдам»*** ***-Допқа өзі ұқсайтын,*** *Ерекше бірпішін бар.* *Атын оның атаңдар?* ***-Төртбұрышы бар,*** *Төрт қабырғасы бар.* *Бұл қай пішін?* ***-Атына сай балалар,*** *Үш бұрыш, үш жағы бар.* *Ол пішінді кім табар?* *Балаларды мадақтау.* ***Логикалық есептер.*** *-Үш бұрыштың әр бұрышына отыру үшін неше торғай керек?* *-Дөңгелекте неше бұрыш бар?* *-Төрт бұрыштың бұрыштарында үш торғай отыр, дұрыс отыр ма,* *Неше торғай жетпейді?* *- Үй қандай пішіндерден тұрады?* *Құрт қандай пішіндерден*	***Санамақтар еліне саяхат*** ***Жеті ұл*** *Сәл демалып, тыным ал.* *Тақпақ тыңдап, ұғып ал.* *Апта деген ағайдың* *Жеті бірдей ұлы бар:* *Біріншісі – Дүйсенбі,* *Екіншісі – Сейсенбі,* *Үшіншісі – Сәрсенбі,* *Төртіншісі – Бейсенбі,* *Жұма деген – Бесінші ұл,* *Алтыншы ұл – Сенбі,* *Жетіншісі – Жексенбі.* ***Абдрахман Асылбек*** *Ал, санаңдар,* *Санаңдар,* *Бізге, достар,* *Қараңдар.* *Мен – үлкені* *Ардақпын,* *Дейді мамам:* *«Ардақтым!».*	***Табиғат туралы жұмбақтар*** *Қолы жоқ сурет салады,* *Тісі жоқ тістеп алады.* *(Аяз)* *Үй үстінде алтын тас,* *Алайын десем табылмас.* *(Жұлдыз)* *Жылт-жылт етеді,* *Жылғадан өтеді* *(Су)* *Таңмен көзін ашады,* *Әлемге нұрын шашады.* *(Күн)* *Ғажап көпір аспалы* *Айшықтап тұр аспанды.* *(Кемпірқосақ)* ***Шаруашылық құралдары туралы жұмбақтар*** *Тізіле өскен тісі бар,* *Көп істеген ісі бар.* *(Ара)* *Кішкене ғана келіншек,*

	Түгел айтсақ не барын: *Төрт құлақ та бір қарын.* *(Қазан)* *Өткір жүзді келеді,* *Өте қажет құрал ол.* *Тұтас затты бөледі,* *Ұсақтап та тұрар ол.* *(Пышақ)*	***Сұрақтар аялдамасы*** ***Дид ойын: «Күз ерекшелігі»*** *Шарты: Суреттер көрсете отырып, сұрақ қою арқылы жауап алу* *Көк майсалы көрікті* *Алқаптағы көп егін* *Бұл күндері киіпті* *Сары жібек көйлегін.* *Жел тынымсыз гуілдеп,* *Болып кетті тым бұзық.* *Шуылдайды тал, терек,* *Жапырағын жұлғызып.*	*тұрады?* *- Машина қандай пішіндерден тұрады?* ***Санамақ*** *Бір, екі, үш,* *Ал, кәнеки, ұш.* *Төрт, бес, алты, жеті,* *Мынау – ауыл шеті.* *Сегіз, тоғыз, он,* *Ал, кәнеки, қон.* *Асықпа да саспа,* *Бірден қайта баста.*	*Мен – өнерпаз Арманмын,* *Түрлі әуенге салғанмын.* *Мен – спортшы Албанмын,* *Озып, жүлде алғанмын.* *Мен – суретші Айнатпын,* *Үйдің ішін жайнаттым.* *Мен – кішкентай* *Әйбатпын,* *Бөпешімді ойнаттым.* *Санашы енді,* *Нешеуміз?* *Әрине,* *Біз – бесеуміз.*	*Төбесінде түйіншек.* *(Шеге)* *Жансыз жарады,* *Жанды ұрады.* *(Балта)* *Ұзын-ұзын қос таяқ,* *Өрмелейміз ұстап ап,* *Келте-келте көп таяқ.* *(Саты)* *Керегенің басында кетпен құйрық,* *Кесіп алса таусылмас кепкен құйрық.* *(Қайрақ)*
Балалармен жеке жұмыс	***Талғат Айзере*** ***Дид ойын:*** ***«Құстар біздің досымыз»*** ***Мақсаты:*** *Балалар суреттер бойынша құстарға қамқорлықпен қарауды түсінеді..* *Көркемге шығармалар мен ертегілердің қызықты үзінділері айтуға үйрету*	***Тасбулатов Ратмир*** ***Дид ойын:*** ***«Өзім және отбасым»*** ***Мақсаты:*** *Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы түсініп өз ойын айта алады.*	***Базарбай Ерхат*** ***Дид ойын: «Балабақша»*** ***Мақсаты:*** *балабақша қызыметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата алады* *Нұрғисаға секірумен алмастырып,бағытты жіне қарқынды өзгертіп жүруді үйрету*	***Нусупбек Елнұр*** ***Дид ойын: «Бұны қай кезде киеді?»*** ***Мақсаты:*** *әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін сурет арқылы көрсете біледі*	***Базарбай Ерхат*** ***Дид ойын: «Бұл қай мезгіл?»*** ***Мақсаты:*** *күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтуды үйренеді*
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан				
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*				
Серуен	***Серуен № 3*** *Қараторғайды бақылау*	***Серуен № 4*** *Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау*	***Серуен № 5*** *Ауа райын бақылау*	***Серуен № 7*** *Құстарды бақылау.*	***Серуен № 9*** *Күннің көзін бақылау.*
	Таңғы серуенді бекіту.				

Балалардың үйге қайтуы	*Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы, балалардың тазалығы туралы, балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.*	*Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру. Балалардың үйге қайтуы.*	*Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу. Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айту Балалардың үйге қайтуы..*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.*

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Топ: Ересек топ «Айгөлек»

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 03.04 – 07.04. 2023ж

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	*Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер	***Картотека №8 «Бұны қай кезде киеді?»*** *Ойын шарты: суреттегі киімдерді қай мезгілде киетіндігін айтқызу.*	***Картотека № 19 «Гүлдерді күтеміз»*** *Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әңгімелету.*	***Картотека №17 «Әдемі гүл»*** *Ойынның шарты: Гүлдерді түстері бойынша жинау.*	***Картотека № 27 «Бұл қай мезгіл?»*** *Ойын шарты: күзгі бау-бақшадағы жемістер мен көкіністердің аттарын атап, пішіндерін, түстерін ажыратады.*	***Картотека №29 «Нан қалай жасалады»*** *Ойын шарты: нанды дастарханға келгенге дейінгі жолын көрсетіп, онда жұмыс істейтін адамдардың еңбегі көрсетіледі.*
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан				
Таңертенгі жаттығу	*Сәуір айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау***				
Таңғы ас	*Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.*				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	*Қуанамыз, біргеміз, Бөлінбейді іргеміз. Аясында достықтың,*	*Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң!*	*Қоршаған өмір әлемі, Не деген көркем, әдемі! Сол сұлулықты сақтайық,*	*Қайырлы таң, құсқа, аңға да, Қайырлы таң ,жайдары*	*Ерте тұрып күнде мен Тереземді ашамын. Сәлем деймін күнге мен*

	Бір жүреміз күнде біз!	*Достасқан бар балалар.* *Қайырлы таң!* *Біздің бала бақшамыз.* *Қайырлы таң!* *Жора-жолдас, ұл мен қыз!*	*Мадақтайық, мақтайық!*	*жанға да,* *Қайырлы таң алға ассын,* *Кешке дейін жалғассын!*	*Шаттық әнге саламын.*
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.	**Дене шынықтыру** Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша ***Қызығушылықты ояту.*** *Балалар,бүгін күн қандай тамаша!* *-Күн сен неге күлімдейсің?* *Көктем келді.* *Жаңбыр сен неге сіркірейсің?* *Көктем келді.* *-Гүлдер неге жайнайсыңдар?* *Көктем келді* *Құстар неге сайрайсыңдар?* *Көктем келді.* *Әрине,көктем келді.* *-Ендеше жылдың қай мезгілі? Б: көктем* ***Ой дамыту.*** *Ізден-ізден не керек?* *Таптым бір гүл керемет* *Гүл дегенім бірақ та* *Болып шықты не?* ***(көбелек)*** ***Қызығушылықты ояту*** ***АҚТ технологиясымен жұмыс*** *Экраннан көбелек шығады.* *Дыбыс шығару.* *Көбелек біздерді ормандағы гүл алқабына саяхатқа шақырады.* *Сендерге саяхат ұнай ма?* ***(сиқырлы таяқша)*** *-Онда бір сәт көзімізді жұмып,өзімізді ормандағы гүл алқабына саяхатқа*	**Дене шынықтыру** Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша ***Ой қозғау.*** *Балалар терезелердің алдында, табиғат бұрышында не тұрады?* *Дұрыс айтасыңдар, ендеше бүгін гүлдер туралыәңгімелесеміз.* ***Әңгіме жүргізу.*** ***Сұрақ -жауап*** ***-****Балалар сендер қандай гүлдерді білесіңдер?* *Жарайсыңдар! Гүлдер өсіп тұрған бөлмеде біз өзімізді қуанышты сезінеміз, көңіліміз көтеріңкі болады.* ***АҚТ технологиясымен жұмыс.*** *-Балалар, гүлдер үш топқа бөлінеді* *1.дала гүлдері, 2.бөлме гүлдері, 3.емдік гүлдері. (Слайд арқылы көрсету).* ***Дала гүлдері:*** *бәйшешек, раушан, қызғалдақ, бақбақ, астра. Бұл гүлдер көктемде, жазда өседі.* ***Бөлме гүлдері:*** *қазтамақ, кактус, фикус, пальма. Бұл гүлдер жылдың төрт мезгілінде бөлмеде өседі. Гүлдің жақсы өсуі үшін жарық, ылғалды ауа және*	**Музыка** Музыка жетекшісінің жоспары бойынша **Қазақ тілі** Қазақ тілі жоспары бойынша ***Менің сүйікті бұрышым Қызығушылықтарын арттыру:*** ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** *Адамдардың бәрі қызығады, Су құймасаң, сәні бұзылады.(Гүл)* ***Ой дамыту*** ***АҚТ технологиясымен жұмыс. «Гүл»*** *Адамдар гүлдерді жақсы көреді. Олардың сұлулығы көңілді көтерді. Гүлдер ауаны тазартады. Бірақ қыста олар өспейді, сосын адамдардың көңілі түсіп қалатын болды. Сондықтан олар гүлдерді үйде отырғызып, оны күтетін болды. Сөйтіп бөлме өсімдіктері пайда болды.* ***Миға шабуыл*** *Біздің бөлмемізде гүлдер бар ма?* *- Бөлме өсімдіктерінің қандай пайдасы бар?* *- Гүлдердің түсі қандай?* *- Гүлдердің дұрыс өсуі үшін не істейміз?*	**Дене шынықтыру** Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша ***Қызығушылықты ояту.*** *Балалар гүл туралы ертегілер еліне саяхатқа барғыларың келе ме?* ***Ертегілер еліне саяхат.*** ***Аудио дыбыс, ертегілер әні. Сұрақ- жауап.*** *Балалар қандай ән есітіп тұрсыңдар?* *Ертегілер еліне саяхатқа барғыларың келе ме?* *Көзімізді жұмып 1,2,3 деп санасақ ертегі еліне жетеміз.* *Ертегі елінің орындықтары не деген керемет, оюланған.* ***С. Оспановтың «Гүл туралы аңыз» ертегісін тамашалайық*** ***АҚТ технолгиясымен.*** *Ерте, ерте ертеде бір ауылда бидай мен гүл өседі. Адамдар гүлдерге тамсанып, бір-біріне сыйлайды. Гүлдің қош исі ауылды алып кетеді.* *Бір күні хан бәріне жар салады. Тек қана бидай өсіріңдер, гүлдің бәрін құртыңдар деп әмір береді.* ***Сұрақтар ілмегі*** *-Хан қандай әмір берді?*	**Музыка** Музыка жетекшісінің жоспары бойынша ***Қызығушылықты ояту.*** *Табиғат анадан хат келу.* *Балаларды табиғат патшалығына саяхатқа шақыру.* *Сиқырлы таяқша айнал, бізді табиғат патшалағына апар.* ***Табиғат бұрышы.*** ***Ғажайып дауыс.*** *Құрметті балалар!* *Табиғатта үлкен бір патшалық – өсімдіктер патшалығы бар* *Өсімдіктер патшалығында үш қала бар.* *Бірінші қала – ағаштар.* *Екінші қала – бұталар.* *Үшінші қала – шөптер, гүлдер.* ***Сурет бойынша жұмыс*** *Көше бойы аралас* *Қаптап өскен қара ағаш.* *Жемісі жоқ болса да,* *Саясы көп дара ағаш.* ***Дид ойын: «Қайсысы ағаш, қайсысы бұта?»*** *Олардың ұқсастығы мен ерекшелігі неде?* ***Тәрбиеші:*** *ағаштар – ең үлкен өсімдіктер. Олар көп жыл өмір сүреді.*

	барғандай сезінейік. ***(үнтаспадан судың сылдыры,құстардың дауысы естіледі)*** *-міне,балалар гүл алаңқайына да келіп жеттік.* *Гүлдердің үстінен конверт көру. Ашу.* ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** *Құлпырса, қадірлейді аялайды,* *Қураса сыпырғышқа жарамайды. Бұл не?* *Мағынасын түсіндіру. (ГҮЛ)* *-Балалар ,бүгін біз гүлдер туралы әңгімелейміз.* *Сендер қандай дала гүлдерін білесіңдер?* *-Енді гүлдің құрылысымен танысайық.* *(тақтаға үлгіні іліп көрсету)* ***Дид ойын: «Ретімен ата»*** *Тамыры-өсімдіктерді жерде мұқият ұстап,сумен қамтамасыз етеді* *Сабағы - жапырақтардың күнге қарай көтеріліп өсуіне көмектеседі, жапырағы-қоректі күннің көзінен алады* *Көктемде алғаш гүлдер ұйқыдан оянғанда жәндіктерде қуанады.* *көбелек гүлден гүлге ұшып қонып , гүлдің хош иісімен, тозаңдарымен қоректенеді.* *Ал ара гүлден бал жинайды.* *Біз көктемде аулаға гүлдер отырғызамыз.* ***Сергіту сәті: «Көңілді күн»*** ***Сиқырлы таяқша*** ***Саяхаттан қайту.*** *Біз саяхаттан гүлдер*	*бөлме температурасы бірқалыпты, яғни жылы болу керек.* ***Емдік гүлдері:*** *алоэ, анис, адыраспан, түймедақ, қалампыр. Бұл гүлдер бөлмеде де, далада да өседі* ***Алоэ гүлі*** *- оның жапырақтары тікенекті болғанымен қолымызға кірмейді. Алоэның емдік қасиеті бар, егер де жүгіріп бара жатырып, жарақат алған жағдайда осы алоэ кескінін кесіп алып, жарақат алған жерге тигізіп біраз уақыт ұстап тұрсақ, жара жылдам жазылады.* *(Балалар тыңдайды.)* ***4.Ароматерапия*** *.* *Кәне көзімізді жұмайық* *Өзімізді гүлдердің арасында жүргендей* *сезінеміз.Көбелектер сияқты әр гүлге қонып жүрген сияқтымыз* ***6.Сергіту сәті:*** *Шаршағанда ырғалып,* *Гүлге ұқсап демалам.* *Қанатымды бір қағып,* *Гүлдей болып жайқалам.* ***Дид ойын: «Суреттер сөйлейді»*** ***Шарты:*** *суретке сөйлем құрау.* ***Дид ойын: «Мұқият бол!»*** *Шарты: бір неше сөздер айтылады соның ішінен «бақбақ» сөзін естісе шапалақтайды.* *(Қызғалдақ,тоқылдақ, бақбақ, тақпақ, бақбақ,*	***Ой қозғау*** ***Балаларды топқа бөлу.*** ***1-топ*** ***Дид ойын: «Сиқырлы себет»*** ***Шарты:*** *Себеттен сипап сезіп, заттарды алу. Гүлге суқұйғыш, сусепкіш, шағын күрек.* ***Сергіту сәті:*** *Тербеледі ағаштар* *Алдымнан жел еседі* *Кіп-кішкентай ағаштар* *Үп-үлкен болып өседі.* ***2-топқа тапсырма.*** ***Дид ойын. «Гүлді қалай күтеміз»*** ***Суретке өз ойын айту.*** *Сурет арқылы гүлдің күту жолдарын айтады.* *шүберек, су сепкіш, су бүркегіш, таяқша беріледі.* *Тым көп су құюға болмайды.* *Су бүркегішпен қатты сепсе, жапырақтары сынып қалуы мүмкін.* *Гүлдің жанында жүгірме, ойнама, гүл құлауы мүмкін.* ***3-топқа тапсырма*** ***Дид ойын: «Гүлді ретімен құрастыр»*** ***Шарты:*** *Фетр материалдан жасалған гүл құрлысын ретімен кнопқа арқылы құрастыру* ***Тәжірибе алаңы*** ***Кішкентай ғалымдар.*** ***«Гүл қайда жақсы өседі?»*** ***Міндеті:*** *өсімдіктердің өсуі мен дамуына қолайлы*	*-Тек не өссін деді?* *-Неліктен бидайды таңдады?* *Адамдар гүлдердің бәрін таптап, жұла бастайды.* *Осы кезде бір бала бір гүлді үйіне апарып тығып өсіреді. Оны ешкімге көрсетпейді. Ал ауыл болса көңілсіз, жұпар гүлдің исіде жоқ, өзі де жоқ.* *Сұрақ-жауап* *Неге ауыл көңілсіз болды?* *Неліктен?* *Бір күні хан қатты ауырады. Көптеген дәрігерлер оны емдей алмайды. Бір күні алыс жерден бір емші келеді, ол ханға тек қана бал қосылған дәрі жеу керек, сол кезде ғана тәуір боласың диді.* ***Ой қозғау.*** *-Балды неден аламыз?* *-Ара балды қайдан жинайды?* *Балды не үшін іледі?* *Бүр күні гүлін таптатпаған, тығып сақтаған бала ханға бал әкеп береді.* *Хан қатты қуанып, балаға рақметін айтып, барлық дала, барлық қала гүл өсірсін деп бұйырады.* *Содан бері гүл даланың да, қаланың да көркі болыпты.* ***Гүлім, гүлім, гүлім, - дейді,*** ***Гүл десе ел күлімдейді.*** ***Сансыз гүлден шырын***	*Ағаштардың діңі болады.* ***Бұталардың бойы ағаштардан төмен болады.*** *Олардың бірнеше жіңішке сабақтары болады. Діңі болмайды.* ***Ең кішкентай өсімдіктер – шөптер.*** *Олардың сабақтары жіңішке. Олар ұзақ өмір сүрмейді.* *Ағаштарда тамыр, бір дің және жапырақтар бар екенін анықтап, дәлелдейді. Бұталарда тамырлар, көп сабақтар және жапырақтар бар.* ***Дид ойын: «Қандай ағаш?»*** *Қайыңның діңін көрсетеді, оның жуан немесе жіңішке екенін анықтап, айтады.* *Бұтақтарын көрсетеді.* *Олар қандай – жуан ба, жіңішке ме? Қайыңның түсі қандай?* ***Сөздік жұмыс:ағаш, бұта, шөп, тамыр, дің, сабақ, бұтақ, жапырақ.*** ***Ой дамыту.*** *Ағаштарға күзде не болады?* *(Ол ұйықтайды, қысқа дайындалады).* *Ал көктемде ағаштарда қандай өзгеріс болады?* *Ағаштар көптеген жануарлар үшін тұрақ, пана. Ағаштан жиһаз, қағаз, ағаш ойыншықтар, ыдыс, музыка аспаптарын*

	туралы түсіндік, ендеше сол гүлдер туралы түсінгенімізді бейнелеп көрсетеміз. ***Шығармашылық орталықпен жұмыс.*** *Балаларды топқа бөлу.* ***1-ші топ . Дид ойын: «Сыңарын боя»*** ***Шарты*** *Суреттегі гүлге керек құралдардың суретін суреттегі түспен сәйкестендіріп бояу* ***II-ші топ****. Дид ойын: «Бос орынды толықтыр»* *Шарты: Суреттегі бос орынға керек затты жапсыру.* ***III-ші топ****: Дид ойын: «Ретімен көрсет»* *Шарты: Гүлдер қалай өседі, ретімен құрастыру* ***Дид ойын: «Гүлді әсемде»*** ***Шарты:*** *Ермексаз арқылы гүлді өз түсіне сай әсемдеу* *Балалардың жұмыстарын бағалау.* ***Қорытынды.*** *-балалар ,сендер қай жерге саяхатқа бардыңдар?* *Нені кездестірдіңдер?*	*балмұздақ, жапырақ,бақбақ, топырақ,бақбақ,қызанақ, қуырдақ, бақбақ)* ***Дид ойын: «Өсімдіктің өсу реті»*** ***Шарты:*** *Өсімдіктерді өсу ретімен жапсыру.* ***Дид ойын: «Гүлді өсіреміз»*** ***Шарты :*** *Гүлдің өсу ретіме құрастыру.* ***Дид ойын: «Досыма арналған гүл»*** ***Шарты:*** *Үлгіге қарап мақта таяқшасы арқылы гүлді бояу.* *Балалардың жұмысын бақылау.* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау*	*жағдайларды анықтау, өсімдіктердің топыраққа тәуелділігін негіздеу.* ***Құрал-жабдықтар:*** *екі бірдей кесінді, су құйылған ыдыс, топырақ, өсімдік күтіміне арналған заттар.* ***Тәжірибе барысы:*** *Топырақсыз өсімдіктер ұзақ өмір сүре алатынын анықтаңыз? (мүмкін емес); олар қай жерде жақсы өседі - суда немесе топырақта? Герань шламын әртүрлі контейнерлерге салыңыз – суға және топыраққа. Бірінші жаңа жапырақ пайда болғанша оларды бақылау;* ***Қорытынды:*** *топырақтағы өсімдікте бірінші жапырақ тезірек пайда болады, өсімдік жақсы күш алады; суда өсімдік әлсіз болады.* ***Дид ойын: «Гүлді алқап»*** ***Балаларды топқа бөлу.*** ***1-топ:*** *Берілген гүлді гуашь арқылы бояу* ***2-топ:*** *Берілген гүлді түрлі – түсті ермексаз жағу арқылы әсемдеу* ***3-топ:*** *Себетке гүлдер жапсыру.* ***Тақпақ*** *Қызыл жасыл гүл егіп,* *Баптап, күттік, түрлеттік.* *Қалмасын деп қуарып,* *Апта сайын суардық.* *Гүлдендірдік ауланы,*	***жинап,*** ***Бал аралар гүілдейді.*** ***Гүлді әрқашан ел іздейді – деп жырға қосыпты.*** ***Сұрақ:*** *Хан ауруынан қалай жазылды?* *Ол балды қайдан тапты?* *Хан неліктен гүл өсіруге рұқсат берді?* ***Сергіту сәті****:* *Гүл өсірем үйде(жоғары қол көтереді)* *Су құямын гүлге(қолмен су құяды)* *Гүл күткенді біледі(тербеледі)* *Бойын сылап күледі(бойын қолымен сыйпайды)* *Күнде гүлін ашады* *Жұпарын маған шашады(қолын желпейді)* ***Дид ойын: «Гүлге араларды қондыр»*** *Балаларды ара және гүл тобына бөлу.* ***Гүл тобы:*** *ермексаздан гүл мүсіндеу.* ***Ара тобы:*** *арларды қию, қиылған араны гүлге жапсыру.* ***Дид ойын: «Бал салынған банкі»*** ***Шарты:*** *Трафареттің көмегімен банкіні салу, губкамен ішіне балды бояу.* ***Дид ойын: «Гүлді алқап»*** ***Шарты:*** *Гүлді алқап*	*жасайды. Ағаштар біз тыныс алатын ауаны зиянды заттардан тазартады, олар сонысымен пайдалы.* ***Сергіту сәті:*** *Ағаштар, міне,* *Мұнында үні – ш-ш-ш.* *Кейде жұмсақ, кейде шу, шу (2 рет)* *Кейде дауыл – гу де гу.* ***Ой қозғау.*** *Қайынның діңін сипайды, ол қандай (Жұмыр, майда).* *Түсі қандай? (Мұндай ақ-қара дің тек қайында ғана болатынын түсіндіру).* ***Шығармашылық бұрыш*** *Балаларды топқа бөлу.* ***1- Топ:*** *Дәстүрден тыс сурет салу әдісі арқылы капуста қабығынан бастыыру әдісі мен ағаш суретін салу.* ***2-топ:*** *Жапырақтардан букет шығару әдәсі арқылы, жапырақтарды жапсыру.* ***3-топ:*** *Ағаштар мен бұталарды суреттер арқылы құрастыру, салыстыру. Қайсысы үлкен неліктен?* ***4-топ:*** ***Гүлдер мүсіндеу, түстерін атау.*** ***Тақпақ*** *Гүлзар бақта мекені* *Көрген кезде жөкені* *Елтіп жұпар иісіне,*

			Аулада гүл қаулады. ***Сылдырмақ.*** ***Балаларды шеңберге шақыру.*** *Сұрақ –жауап* ***Рефлексия*** *Балаларды мадақтау.* *Смайлктер беру*	*құрастыру* *Балаларды мадақтау.* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау*	*Ара қаптап кетеді.* ***Қорытынды*** *Балаларды мадақтау.*
Серуенге дайындық	***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен	***Серуен № 5*** *Ауа райын бақылау*	***Серуен № 7*** *Құстарды бақылау.*	***Серуен № 9*** *Күннің көзін бақылау.*	***Картотека №11*** *Ағаштарға бақылау жасау*	***Серуен № 15*** *Аспанды бақылау.*
	Көктем серуен картотекасынан				
Серуенненоралу	*Тазалық процедурасы.* *Қолдарын сабынмен* *жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу* *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.* *Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскіас	*Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау*				
Күндізгі ұйқы					
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	***№ 2*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***Жаттығу кешені №6*** *Балалар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Қолымызды созып* *Шынығып бір алайық.*	***Жаттығу кешені №7*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***Жаттығу кешені №8*** *Ұйқыдан біз тұрамыз* *Көзімізді ашамыз* *Жан-жағымызға қарайық* *Төсектен біз тарайық*	***Жаттығу кешені №9*** *Ұйқыдан біз тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Анда- мында созылып* *Тарқасайық, тұрайық*
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесінас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	***Балық*** *Балықтар туралы толық түсінік беру, балықты бейнелеуге деген қызығушылығын ояту. Балықтың түрлерімен таныстыру. Балықты дұрыс бейнелеуге үйрету.* ***Тұзбен салу. Бояулар,***	***Жазғы ағаштар.*** *Графикалық техниканың жаңа түрімен - «өсімдік басуымен» таныстыру. Композиция, түстерді қабылдау сезімдерін дамыту*	***«Жаңбырлы ауа-райы»*** *Мақта таяқшаларымен сурет салу техникасымен танысу үшін біз қағаздың бүкіл бетіне нүктелік, ритмикалық және біркелкі қолдану қабілетін қалыптастырамыз.*	***«Жұлдызды аспан»*** *Түнгі аспанға балауыз шам арқылы бейне беру.*	***Әдемі гүлдер*** ***щетка әдісі*** *Тіс щеткасы мен тамшыларды шашырату техникасын енгізу. бояуды кішкене алуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу*

	қылқалам, ***су ыдысы, қол сүлгі***				
Балалармен Жеке жұмыс	***Аманжол Азиза*** Геометриялық пішіндердікөрсету,атауға үйрету. ***Дид ойын: «Не артық?»*** *Мақсаты: Суретте тұрған артық затты таба біледі. Арманға қатарға дұрыс тұруды үйрету*	***Бибол Адель*** Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды үйрету. ***Дид ойын: «Гүлдер біздің досымыз»*** *Мақсаты: балалар гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, суару, қопсыту дағдыларын меңгереді.*	***Агайдар Райян*** қылқаламды дұрыс ұстауды үйрету ***Дид ойын: «Құстарға көмектесеміз?»*** *Мақсаты: Балалар құстар туралы түсіне отырып, құстарға қамқорлықпен қарауды біледі.* *.Арнаға кеңістікті бағыттап үйрету*	***Рахымов Қасым*** табиғата өзін -өзі ұстау дағдысын үйрету ***Дид ойын: «Қоянға көмектесеміз»*** *Мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуды біледі.* *Бәйдібекке қайшыны ұстаға баулу*	***Абылғазы Бағым*** Геометриялық пішіндердікөрсету,атауға үйрету. ***Дид ойын: «Жеке атауын ата»*** *Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап,түстерін, пішіндерін ажырата біледі.* *Зереге пішіндерді көлеңкесі бойынша қоюға үйрету*
Серуенгедайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*				
Серуен	***Серуен № 5*** *Ауа райын бақылау*	***Серуен № 7*** *Құстарды бақылау.*	***Серуен № 9*** *Күннің көзін бақылау.*	***Картотека №11*** *Ағаштарға бақылау жасау*	***Серуен № 15*** *Аспанды бақылау.*
	Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың үйге қайтуы	*Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу*	*Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.*	*«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата аналармен кеңестер жүргізу*	*Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.*	*Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу.балабақшаға уақтында келуді айту.*

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы («Ақбота» балабақшасы)

Топ: Ересек «Айгөлек» тобы.

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 10.04 – 14.04..2023ж

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балалардықабылдау	*Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*				
Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу	*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* *Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру*				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	***Картотека №10*** ***«Жол әліппесі»*** ***Мақсаты:*** *балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру*	***Картотека №11*** ***«Әдептілік»Мақсаты:*** *Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету.*	***Картотека №3*** ***«Жануарларға қамқор боламыз»*** ***Ойын шарты:*** *Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын білдіреді.*	***Картотека № 4*** ***«Құстар біздің досымыз»*** ***Ойын шарты:*** *суреттер бойынша құстарды екі топқа топтастыру. Балалар сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырады.*	***Картотека № 5*** ***«Нан дастарханға қалай келеді?»*** ***Ойын шарты:*** *Жүргізушінің белгісінен кейін бос тор көздерді жарыса отырып, қажетті суреттермен толықтыру.*
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан				
Таңертенгіжаттығу	*Сәуір айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау***				

Таңғыас	*Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.*				
Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық	*Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Желмен бірге жайқалған.*	*Бойыңды сергек тік ұста Емін – еркін тыныста Деміңді ішке тез алда, Сол қолыңды соз алға. Оң қол да бос тұрмасын, Шеңбер жасап зырласын*	*Топ-топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн Жаса, жаса жарқын күн*	*Бір, екі, үш, Қане, қанат қағамыз. Бір, екі, үш, Қарлығаш боп ұшамыз. Бір, екі, үш, Жинап алдық күш.*	*Жел улейді у-у Құйын келіп билейді зу-зу Қатты, қатты жел соқты гу-гу Жапырақтар қол соқты ду-ду*
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша ***Әңгіме жүргізу.*** *Балалар, мен сендердің саяхаттауды жақсы көретіндеріңді білемін. Ал бүгін біз тағы да саяхаттаймыз. Бірақ біз қайда барамыз, оны жұмбақты табу арқылы білесіңдер.* ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** *Күміс қанат сұңқары Көкке еркін сүңгиді Бұлттан да тым әрі Кеткен жанды кім дейді?* ***Жауабы: Ғарышкер*** *Ғарышкер қайда ұшады?* ***Б: ғарышқа.*** *Ал біз қайда барамыз?* ***Ғарышқа*** *Ғарышқа немен барамыз?* ***Зымыранмен*** *Ендеше Ғарыш кемесін, зымыран құрастырып алайық.* ***Дид ойын: «Зымыран»*** ***Шарты:*** *Геометриялық пішіннен зымыран құрастыру.* ***Жұмыс жасау барысы:*** *Педагог тақтада ең қарапайым геометриялық фигуралардан (тіктөртбұрыш*	**Дене шынықтыру** Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша ***Ой қозғау.*** *Балалар сендер Лунтик туралы мультфилмдер көрдіңдер ма?* ***Қызығушылықты ояту.*** *Бүгін біздің бақшаға хат келді, оны оқып көрейік .. Балалар, иә, бұл Лунтиктің хаты, ол достарымен біздің Жер планетасына бізге қонаққа ұшқанын, бірақ қандай да бір себептермен олардың барлық ғарыш кемелері істен шыққанын жазыпты.* *Ал ол бізден көмек сұрайды.. Айға қалай оралатынын білмейді... Айтыңызшы, айға қандай көлікпен барамыз?* ***Зымыранмен.*** *Зымыранның қандай екенін және оны неден жасауға болатынын еске түсірейік ... Геометриялық пішіндерден зымыран жасауға келісесіңдер ма?* ***Менің сүйікті бұрышым.*** *Зымыран жасау үшін фигуралар жатқан үстелге барамыз.*	**Музыка** Музыка жетекшісінің жоспары бойынша **Қазақ тілі** Қазақ тілі жоспары бойынша ***Қызығушылықты ояту*** *Балалар бүгін таңертең маған ерекше хабар келді. Бұл бөтен планетаның тұрғындарының хабарламасы. Олар бізге хат жіберген.* ***Хат*** ***Біз өте алыс галактиканың тұрғындарымыз. Біз сендердің планеталарыңды телескоп арқылы көрдік және онда тірі жандар өмір сүреді деп ойладық. Егер біреу осы хатты оқып жатса, онда сендерден жауап хабарлама күтеміз!*** ***Ой қозғау.*** *Балалар, постерге қарайық, бұл не – біздің планета. Оны сипаттайық. Біздің Жер планетасының пішіні қандай? (дөңгелек). Ауада шеңбер сызайық (планетамыздың контуры). Глобусқа қараңыз: бұл біздің*	**Дене шынықтыру** Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша ***Қызығушылықты ояту.*** ***Өлең оқу.*** ***Сұрақ – жауап.*** *Бүгін Юрий ағаның Ұшқан күні ғарышқа Мен аспанға қараймын Мен ғарышкер боламын Ғарыш сондай алыс па? Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын Сені көзбен шоламын* ***Өлең не туралы айтылған?*** *Түсіндіру.* ***Ой қозғау.*** *-Балалар,сендер де ғарышқа ұшқыларың келе ме? -Балалардың жауабы. -Мына зымыранда қандай геометриялық пішіндер қолданылған? -Өзімізге осындай зымыран құрастырсақ қайтеді?* ***Топтық жұмыс.*** ***Дид ойын: «Зымыран»*** *Зымыран құрастыру. Балалардың ұжымдық жұмысы.*	**Музыка** Музыка жетекшісінің жоспары бойынша ***Дид ойын:«Кім тапқыр»*** ***Жұмбақ жасыру:*** *Аспанда бір алып құс Ызғыр ұшып барады. Қарап тұрсаң, ғажайып, Соңында із қалады.* ***(Зымыран)*** *Ұшқыш емес, бірақ ол Аспанда қалықтап ұшады Оны кім деп ойлайсыңдар?* ***(Ғарышкер)*** ***АҚТ технологиясымен жұмыс.***. *Ғарышкер дегеніміз олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар. Аспан әлемінде де, көптеген ғалам бар. Ал біздер жер ғаламында өмір сүреміз. - Ғарышкерлер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарыш кемесі деп атаймыз. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. Ғарышқа ең бірінші сынақ ретінде итті ұшырған. Содан соң Ю.Гагарин ұшты* ***Қазақ ғарышкерлері.***

